

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1
қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ, ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

LIVEWORKSHEETS

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ӨОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,

Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023

© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023



1. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Мен Ақтоғай ауданында ту+ды+м. Мен 2004 жылы мектепті аяқта_____+_____.

Сен мектепті қашан аяқта_____+_____? Сен қай ЖОО бітір_____+_____?

Сіз қай ЖОО аяқта_____+_____? Сіз қайда жұмыс істе_____+_____?

Досыңыз қайда жұмыс істе_____+_____? Ініңіз қай ЖОО аяқта_____+_____?

Мен 2004 жылы ЖОО бітір_____+_____.

Сен қайда жұмыс істе_____+_____? Сіз қай жұмыс_____+_____?

Сіз қайда ту_____+_____? Сіз қайда ту_____+_____?

Ініңіз қай мектепте оқы_____+_____? Аға қай университетте оқы_____+_____?



4. Оқыңыз.

Мен, Ақмаш Алтынтөре Өмірханұлы, 1980 жылы 7 қарашада Ұлытау облысының Жаңаарқа ауданында дүниеге келдім. 1997 жылы орта мектепті бітірдім. 1997 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түстім. 2001 жылы «Қазақ журналистикасы» мамандығы бойынша аяқтадым. 2001-2003 жылы педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесін алдым. 2004-2010 жылдары аралығында «Сарыарқа» телеарнасында тілші болып жұмыс істедім. 2011-2016 жылдары аралығында «Хабар» телеарнасында диктор болып жұмыс істедім. 2018 жылы Шетел тілі филологиясы мамандығы бойынша диплом алдым. 2020 жылдан бастап «Хабар 24» арнасында халықаралық ақпарат бөлімінің тілшісімін.

Мемлекеттік және қоғамдық қызметте сіңірген еңбегі үшін 2021 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасымен марапатталдым. Астана қаласында тұрамын, үш балам бар. Бос уақытымда спортпен айналысамын.



3. Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастырыңыз.

- _____
- _____
- _____
- _____
- _____
- _____
- _____
- _____

ЖОО – ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ



4. Мәтіннің мазмұны бойынша сәйкестендіріңіз.

- | | |
|----------------|----------------------|
| Аты-жөні | журналист |
| Мамандығы | үйленген |
| Жұмыс орны | 1997 жылы |
| Туған жері | Астана қаласы |
| Туған жылы | спортпен айналысу |
| Туған күні | 43 жаста |
| Жасы | Ұлытау облысы |
| Отбасы жағдайы | «Хабар 24» арнасы |
| Мекенжайы | Алтынтөре Өмірханұлы |
| Қызығушылығы | 7 қараша |



5. Тірек сөздердің көмегімен өмірбаян жазыңыз.

Тірек сөздер: тудым, мектепке бардым, аяқтадым, оқуға түстім, жұмыс істедім, жұмысқа тұрдым, жұмыс істеп жүрмін.



5. Мәтіннің көмегімен сәйкестендіріңіз.

1980 жылы дүниеге	алдым
1997 жылы орта мектепті	марапатталдым
1997 жылы оқуға	айналысамын
2001 жылы университетті	келдім
2003 жылы магистр дәрежесін	тұрамын
Астана қаласында	аяқтадым
Спортпен	түстім
Құрмет грамотасымен	бітірдім



7. Тыңдаңыз, кестені толтырыңыз.

Аты-жөні _____
 Ұлты _____
 Мамандығы _____
 Жұмыс орны _____
 Туған жері _____
 Туған күні _____
 Жасы _____
 Отбасы жағдайы _____
 Мекенжайы _____
 Қызығушылығы _____
 Байланыс нөмірі _____



7. Берілген сөйлемдерді III жақтан жазыңыз, оқыңыз.

- Мен 1980 жылы 7 қарашада Ұлытау облысында дүниеге келдім.
- 1997 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне оқуға түстім.
- 2004-2010 жылдары аралығында «Сарыарқа» телеарнасында тілші болып жұмыс істедім.
- 2021 жылы Президенттің Құрмет грамотасымен марапатталдым.
- Қазір «Хабар 24» арнасында халықаралық ақпарат бөлімінің тілшісімін.



8. Тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.



Әлемге әйгілі ойшыл,
философ **Әбу Насыр
Әл-Фараби** _____
жылы Отырар қаласында
туған.



Қазақтың аса ірі қоғам
қайраткері, шешен
Төле би _____
дүниеге келген.



Қазақ хандығының
18-ханы **Абылай хан**
_____ дүниеге
келген.



Ұлы ғалым, ағартушы
Шоқан Шыңғысұлы
_____ өмірге
келген.



Ақын, ағартушы
Абай Құнанбайұлы
_____ дүниеге
келген.



Геолог-ғалым, академик
Қаныш Имантайұлы
_____ дүниеге
келген.



Ұлт ұстазы, ғалым,
қоғам қайраткері
Ахмет Байтұрсынұлы
_____ туған.



График-суретші **Әбілхан
Қастеев** _____
Алматы облысында
дүниеге келген.



Халық әртісі, әнші
Роза Бағланова
_____ дүниеге
келген.



Халық қаһарманы,
ғарышкер, ұшқыш
Тоқтар Оңғарбайұлы
_____ Қарқаралы ауданында туған.